

Жүкті әйелге үйден патронаж жасап, карта толтыру



Орындаған: Бөдеева М.К.

Баймаханова Б

Тобы: ЖМК 503

Жүкті әйелге патронаж жасау

- Патронаж – емдік профилактикалық мекеменің жұмыс формасы.
- Негізгі мақсаты үйде емдік және профилактикалық іс-шараны жүргізу.
- Өзіндік гигиена және санитарлық гигиенаны тұрмыстық жағдайға енгізу.
- Патронаж ана және бала денсаулығын сақтау мекемесінде кеңінен қолданылады.

● **Жүкті әйелдер мен босанған әйелдердің патронажы санитарлы-мәдениет сипатында, мақсаты:**

- Ана денсаулығын нығайтуға, сақтауға және қалыптастыруға бағытталған, аурулар мен жүктілік асқынуларының алдын алып немесе ерте анықтап, емдеп және ұрықтың дұрыс дамуына жағдай жасау. Оның негізгі міндеттері келесі:
- Жүктілерге санитарлы мәдениет дағдыларын үйрету, олардың жағдайына сәйкес;
- Дәрігердің гигиена-диеталық нұсқауларын орындауын бақылау;
- Кеңеске аз келетіндердің көңлін аудару, әсіресе босанғаннан кейін келмей қойғандарға жаңа туылған нәоестені күту жайлы практикалық нұсқаулар беру.

Әйелдер кеңесі басты міндеті


Жүктілерді диспансеризация. Есепке алуға берілетін мерзім – жүктіліктің 12 аптасына дейін. Бірінші қатысудың өзін «Жүкті және босанатын әйелдің жеке картасын» толтырады (форма 111у), мұнда сұрақтардың барлық жауаптары, тексерулер, әрбір келген кездегі белгілеулер жазылады. Клиникалық және лабораториялық тексерістен кейін (12 аптаға дейін) жүктіліктің тәуекелділіктің қандай да бір тобына жататындығын анықтайды. Тәуекелділік факторларын сандық бағалау үшін «Баллдарда тәуекел пренатальдық факторларын бағалау» (бұйрық №430) шкаласы қолданылды.

- Әйелдер кеңесінде жүргізілетін жүкті әйел денсаулығы мен ұрықты антенатальды қорғау шаралары жүктіліктің ерте кезеңінен басталып, соңына дейін жалғасса жақсы нәтиже береді. Сонымен қатар бұл дәрігерге жүктілік мерзімін және декретті демалысты дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Жүктіліктің физиологиялық ағымында әйел акушер-гинекологқа орта есеппен 14 рет қаралуы тиіс. Бірінші қаралудан кейінгі келуі 7-10-шы күніне тағайындалады (анализ нәтижелерімен, терапевт және басқа мамандар өорытындысымен); жүктіліктің бірінші жартысында – айына 1 рет, 20 аптадан соң – айына 2 рет, 32 аптадан соң – айына 3-4 рет.

- Жүкті әйел әйелдер кеңесінде қаралғанда дәрігер және акушер оның дене салмағы, АҚ деңгейі, зәр анализі және т.б. арқылы динамикалық жағдайын бағалай алады. Ал ұрықтың жағдайын УДЗ және арнайы зерттеулер арқылы біле алады. Егер жүкті әйел әйелдер кеңесіне уақытылы келмесе, әсіресе жүктілік патологиясы болса, акушер патронаж жасап, келмеу себептерін анықтап, дәрігерге шақырады. Патронаж нәтижелері жүкті әйелдің жеке картасына толтырылады.



Босануға дейінгі патронаж



Босануға дейінгі патронаж

- Босануға дейінгі патронаж аймақты профилактиканың маңызды бөлімі болып табылады. Негізгі мақсаты: дені сау ана – денісау бала.
- Патронаж жасағанда медициналық қызметкер барлық жағдайларына қарап жүкті әйелдің жағдайына байқампаздық таныту керек. Өзінің сырт келбетімен және іс-әрекетімен ата-анаға үлгі болуы тиіс.



- Бірінші босануға дейінгі патронаж жүкті әйелге алғашқы 10 күнде жасалынады, яғни жүктілігі туралы әйелдер консультациясынан ескертпе қағазы келгеннен соң. Күнделікті күн тәртібі мен ұрықтың дамуы үшін қалай тамақтану, гигиена туралы әңгіме шаралары жүргізледі.

Әңгіме шараларының тезисі:

- Жүкті әйел тамақтануы туралы болашақ ана ретінде, материал ретінде қажет екенін;
- Теңестірілген тамақтану: ақуыз, көмірсу, майларды үйлестіру және килокалорияларды жеткілікті қабылдау;
- Витаминдер мен минералдарды жеткілікті қабылдау керектігі;
- Таза ауада саруендеу: рахиттің антенатальды профилактикасы;
- Жағымды эмоция мен жақсы көңіл-күйі — дені сау баланы дүниеге алып келу кепілі.

- Екіншілік босануға дейінгі патронаж 32 апталық жүктілік мерзімінде жасалынады.
- Отбасының баланың дүниеге келуіне дайындығын тексереді. Жаңа туған нәрестенің күтіміне қажетті жағдайдың бар-жоқтығын қарайды. Жаңа туған нәрестені үйде күту, қалай емізу және қалай тамақтандыру керектігі туралы кеңестер беріледі.
- Біріншілік және екіншілік босануға дейінгі патронаж нәтижелері медициналық құжатқа толтырады.

Әдебиеттер

- Бигалиева Р.К., Исмаилов Ш.М. социальная медицина и управление здравоохранением: Учебник (на государственном языке).- Алматы, 2001.- 371с.
- Руководство к практическим занятиям по социальной медицине и организации здравоохранения/ под редакцией Лисицына Ю.П. и Копыта Н.Я.-М., 1984.-400 с.
- Социальная гигиена и организация здравоохранения / под ред. Ю.П.Лисицына. М., 1992г.
- Социальная гигиена и организация здравоохранения / под редакцией Серенко А.Ф. и Ермакова В.В.- М., 1984-639 с.